

ШҚ ББ «Қосалқы мектеп-интернаты» КММ
Қамқоршылық кеңес отырысының
№3 Хаттамасы

«30» желтоқсан 2022ж

Қатысқаны:

1.Күн тәртібінде:

- 1.ШҚ ББ «Қосалқы мектеп-интернаты» КММ 2022 жылға арналған бюджет қаржысының жұмсалуды туралы мектеп-интернаты директоры А.Ж.Дуйсенбиевтің
- 2.Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Н.Ш.Шорабектің 2022-2023 оқу жылының бірінші жарты жылдығында атқарылған жұмысының есебі
3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.С.Мыктыбаеваның 2022-2023 оқу жылының бірінші жарты жылдығында атқарылған жұмысының есебі

II.Тыңдалды:

Бірінші сұрақ бойынша ШҚ ББ «Қосалқы мектеп-интернаты» КММ директоры Дуйсенбиев А.Ж. 2022 жылдың бюджеттен бөлінген қаржы есебін берді.

Атап айтқанда:

- еңбек ақы-330432,0 мың теңге
- өтемақы төлемдер-15317,0 мың теңге
- әлеуметтік салық-17990,0 мың теңге
- әлеуметтік аударым-10317,0 иын теңге
- міндетті әлеуметтік сақтандыру-9163,0 мың теңге
- дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы зге де бұйымдарды сатып алу-24151,0 мың теңге
- жаңар-жағар май-467,0 мың теңге
- байланыс қызметтеріне ақы төлеу-399,0 мың теңге
- өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу-20363,0 мың теңге
- өзге де ағымдағы шығындар-10302,0 мың теңге
- күрделі жұмысқа-59795,3 мың теңге
- азық-түлік-46750,0 мың теңге
- міндетті сақтандыру-16,0 мың теңге
- негізгі құрал жабдық-3213,0 мың теңге
- тәрбиеленушілерге сыйақы-200,0 мың теңге

Өзге де қорларды сатып алуға қаралған мектеп-интернаты тәрбиеленушілеріне кеңсе заттарын, киім-кешек, сүлгілер, гигиеналық жууынуға арналған заттар, төсек жаймалары, көрпе-төсек, шаруашылық және спорт тауарлары алынды. Жатын ғимаратының жылу жүйесі толығымен ауыстырылды, мектеп-интернатының ауласы шлакоблокпен толық қоршалып ашық жол алаңспорттықына асфальт төселді.

Екінші сұрақ бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Н.Ш.Шорабек 2022-2023 оқу жылының бірінші жарты жылдығында атқарылған жұмысының есебін берді.

Мектеп-интернаты тақырыбы: «Қосалқы мектеп-интернатындағы балалардың психикасының дамуын психологиялық-педагогикалық тұрғысында зерделеу». Оқу жылының басында 22 сынып жиынтығынан құралған 145 оқушы қазақ және орыс тілінде білім және тәрбие алды. Оның 6 сынақ мерзімімен келген. Жарты жылдықтың соңында 143 оқушыны құрады. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған (түзету) білім беру ұйымдарының үлгілік оқу жоспары бойынша күнтізбелік жоспарлар құрылып сабақ қашықтықтан өтілді.

Мектеп мұғалімдері В.В. Воронкованың (Ресей) озық әдісі бойынша балаларды 4 топқа бөліп оқытуда. Әр тоқсан соңында 4 топ көрсеткіші бойынша әр сынып бойынша диагностика және мониторинг жүргізіліп отырады.

Әрбір балаға жеке анамнездік (баланың сырқаты жөнінде туылғаннан бастап толық мәлімет) жинау картасы жалғастыруда.

Балалардың сырқаты бойынша мәлімдеме :

Сырқаты

1. Другие органические расстройства личности и поведения в связи с другими заболеваниями с недостаточностью интеллектуально- мнестических функций -87
2. Синдром Дауна -31
3. Другие органические расстройства личности и поведения обусловленные болезнью травмой и дисфункцией головного мозга с недостаточностью интеллектуально – мнестических функций, эмоционально – волевой неустойчивостью - 7
4. Гидроцефальный синдром со снижением интеллектуально – мнестических функций - 1
5. Эпилептиформный синдром со снижением интеллектуально – мнестических функций - 3
6. РОП головного мозга со снижением интеллектуально – мнестических функций - 4
7. Синдром ВЧГ (внутричерепная гипертензия) - 1
8. Микроцефалия - 1
9. Аномалия Арнольда – Киари – 1
10. Аутизм - 7

Балаларды жан-жақты зерттеуде Стотт (Швейцария) картасы . Сонымен қатар әр балаға жеке бақылау күнделігі жүргізілді. Ата-анамен келісім шарт жасалып, жыл сайын толтырылуда. Техника қауіпсіздігі мен еңбек қауіпсіздігі бойынша әр сыныпта журнал толтырылады.

Гуманитарлық циклы және жаратылыстану-математикалық циклы бойынша апталықтар өткізілді.

Әдістемелік бірлестік жетекшілерімен бірге жаңартылған оқу мазмұны бойынша сабақтардың жүйесін бақылау мақсатында сабақтар (Гуманитарлық

циклы бойынша 14 сабақ, Математика-жаратылыстану циклы бойынша 16 сабақ, талқыланып, талдаулармен методикалық нұсқау берілді. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметін қалай жандандыру керек, деген мақсатта түрлі жұмыстар жүргізілді.

Дене еңбегі мәдениетін қалыптастыру мақсатында аптасына 3 рет спорттық: Баскетбол, футбол, теннис, шахматтық-шашкалық үйірмелер жұмыс жасады. Одан бөлек, тәрбиеленушілер арасында сабақтан тыс уақытта дене шынықтыру пәні мұғалімдері, тәрбиешілер және мектеп дәрігерлерінің қатысуымен спорттық сайыстар ұйымдастырылып тұрды.

Үшінші сұрақ бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.С.Мыктыбаева 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысы 8 тәрбие бағыты бойынша бекітілген жоспарға сай атқарылып келеді.және Тәрбиешілер сабақтан тыс уақытта тәрбиелік іс-шаралармен қоса коррекциялық түзету жұмыстары қатар жүргізіледі. Тәрбиеленушілердің психо-соматикалық кемшіліктерін түзетуге бағытталды. Оқытудың тиімді жолдары жайында олигофренопедагог, психолог, логопед және әлеуметтікпедагог мамандардың (ата-аналарға, педагогтерге) кеңестері берілді. Жалпымектептік ата-аналар жиналысында «Ата-аналар нені білуі тиіс» тақырыбында мамандардың қатысуымен ата-аналар жиналысы өткізіліп, психологиялық кеңестер мен мағлұматтар алды. Балалардың диагноздары күрделеніп, IQ және IQ деңгейі төмен (эмоциясы тұрақсыз жаңғалақ) балалар саны көбейгеніне қарамастан тәртіптері жақсы, бұзақы балалар арасында есепте жоқ. Ол мектеп-интернат ұжымының еңбегінің жемісі.

Рухани-адамгершілік құндылықтарды әсемдік арқылы, көркем мәдениет арқылы халықтар мен дәстүрдің әлемдік көркем құндылықтары арқылы, ұлтын және адамзаттық құндылықтарын зерделеу арқылы қалыптастыруды көздейді. Қалалық қуыршақ және жаспөспірімдер театры қыркүйек айында білім күніне және желтоқсан айында Жаңа жылдық қойылымдарын тарту етті. Осы жылы №45 мектеп-гимназиясымен бірлесе отырып меморандумға қол қойып келісім шартқа отырдық. Бірнеше қайырымдылық бағдарламаларымен келіп қайтты.

Әр тоқсанның соңында сынып жетекшілері және тәрбиешілерімен бірге ата-аналар жиналысын ұйымдастырды. Әлеуметтік педагог тарапынан әлеуметтік жәрдем ақы жайында кеңестер берілді. Жағдайы төмен отбасынан шыққан 2 тәрбиеленуші Президенттік шыршаға қатысып, қаржылай және заттай сыйлықтар алды.

Мектеп-интернатта Қалалық оқушылар сарайының 2 үйірмесі аптасына 3 рет 60 тәрбиеленушіге бейнелеу және тоқыма өнерін үйретумен айналысады. Нәтижелері жөнінде бейне жазбалар, фото есептер жолдап отырады. Мерекелер қарсаңында қолдан бұйымдар жасап, қағаз қалдықтарынан ширатып бейнелер жасады.

Қарашаның 18 жұлдызы ауқымды ата-аналар жиналысы өткізілді. Балалар жасаған қол еңбектерінен көрме ұйымдастырылды.

Оқушының даму деңгейін тексеру мақсатында Стотт картасы толтырылып сарапталды.

Бекітілген жоспар бойынша облыстық СПИД орталығы мамандары, жасөспірімдер ісі жөніндегі инспекторлары, МАИ қызметкерлерінің қатысуымен кездесулер ұйымдастырылды. Мамандар тарапынан ағарту жұмыстары жүргізілді.

Биылғы түлектер саны – 15

2. Тәрбиеленушілердің әлеуметтік статусы:

Жетім балалар – 1

Әлеуметтік жетімдер – жоқ

Қамқорлықтағылар – 2


Ата- анасы қамқоршы құқығынан айырылған балалар – жоқ

Қаулы етті:

1.Мектеп-интернаты директоры А.Ж.Дуйсенбиевтің 2022 жылға қаралған қаржысының жұмсалу есебі қанағаттарлық деп танылсын.


2.Мектеп-интернаты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Н.Шорабектің және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Мыктыбаеваның 2022-2023 оқу жылының бірінші жартыжылдық есептері қанағаттарлық деп есептелсін.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы:



У.У. Келимбетова

Хатшы:



Г.С. Мыктыбаева